

## **Орталық атқарушы органдардың құрылымын жетілдіру және мемлекеттік органдардың санын қысқарту туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 29 қазандағы N 3168

Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000\_44-бабының 3)-тармақшасына сәйкес және мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру, республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатын үнемдеу мақсатында қаулы етемін:

1. Мыналар таратылсын:

1) Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитеті, оның функциялары, мүлігі мен ісін басқару жөніндегі өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне берілсін;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық патент ведомствосы, оның функциялары, мүлігі мен ісін басқару жөніндегі өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігіне берілсін;

3) Қазақстан Республикасының Түсті және қара металдардың ұтымды пайдаланылуын бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекциясы, оның функциялары, мүлігі мен ісін басқару жөніндегі өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігіне берілсін;

4) Қазақстан Республикасының Архивтер және құжаттама бас басқармасы, оның функциялары, мүлігі мен ісін басқару жөніндегі өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивіне берілсін;

5) Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитеті, оның функциялары, мүлігі мен ісін басқару жөніндегі өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетіне берілсін.

6) Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі жанындағы "Қазақкино" мемлекеттік компаниясы, оның функциялары, мүлігі мен ісін басқару жөніндегі өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігіне берілсін;

7) Қазақстан Республикасының Геодезия және картография бас басқармасы, оның функциялары, мүлігі мен ісін басқару жөніндегі өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берілсін;

8) Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитеті, оның функциялары, мүлігі мен ісін басқару жөніндегі өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Ауыл

шаруашылығы министрлігіне берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігі болып қайта ұйымдастырылсын.

3. 1997 жылғы 1 қаңтардан Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі құрылсын, оған таратылғалы отырған Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің және Қазақстан Республикасы Халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мүлігі мен ісін басқару жөніндегі өкілеттіктері берілсін.

4. 1997 жылғы 1 қаңтарына дейін Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталары, Қазақстан Республикасы Үкіметі, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппараттарының, Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының, Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің және басқа министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың штат саны орта есеппен 20 процент, ал жергілікті өкілді органдардың аппараттарында, соттарда, жергілікті атқарушы органдар мен прокуратура органдарында - 10 процент қысқартылсын.

5. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдары штат санының қысқаруына байланысты босатылған қызметкерлерге қолданылып жүрген заңдарға сәйкес әлеуметтік кепілдіктер мен өтемақылар беріледі, деп белгіленсін.

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қазандағы N 2542 Жарлығының 1-тармағынан "Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитеті", "Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті" сөздері алынып тасталсын.

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) орталық және жергілікті атқарушы органдар қызметкерлерінің санын қысқартуды қамтамасыз етсін;

2) осы Жарлыққа сәйкес жаңадан құрылған, қайта ұйымдастырылған орталық атқарушы органдар туралы ережелерді бекітетін болсын;

3) мемлекеттік органдарды ұстауға мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражаттың жұмсалыуына бақылауды қамтамасыз етсін;

4) 1997 жылға арналған республикалық бюджетті әзірлеген кезде мемлекеттік

органдар саны мен оларды ұстауға жұмсалатын шығыстардың қысқаруын ескеретін болсын;

5) қолданылып жүрген заңдарды осы Жарлыққа сәйкес келтіру

жөнінде ұсыныстар әзірлеп, Қазақстан Республикасының Президенті мен Парламентінің қарауына енгізетін болсын;

б) Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын жарияланған актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

8. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті